

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
Мұғалжар ауданы
«Ақтөбе облысының
білім басқармасы
ММ-нің
«Күншуақ» бөбекжай -бақшасы» МКҚК



Республика Казахстан
ГККП «Ясли - сад «Күншуақ»
Государственного учреждения
«Отдел образования Мугалжарского
района Управления образования
Актюбинской
области»

Қандыағаш қ, «Жастық» м/а
құрылыс №52
Тел: 3-14-47

г.Кандыағаш микрорайон
«Молодежный» строение №52
тел: 3-14-47

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК бойынша

Бұйрық №42

Қандыағаш қаласы

01.09.2022 жыл

(көшірме)

«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту туралы»

«Білім туралы» 27.07.2007ж. ҚР Заңының 5 – бабының 34- 1 тармақшасына, «Педагог мәртебесі туралы» 27.12.2019ж. ҚР Заңының 5 – бабының 3 – тармағына және 16 – бабының 1 – тармағына «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 11.05.2020 жылғы № 190 бұйрығына сәйкес

Бұйырамын:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мынадай құрамда бекітілсін:

Комиссия төрайымы: Р.Ж.Искакова
Комиссия мүшелері: К.Ш.Сарсенова
Г.И.Карашаева
С.А.Имангазина
А.М.Абилгазина
Комиссия хатшысы: А.Т.Аябергенова

2. Педагогикалық әдеп ережелері, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметі туралы ақпарат «Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК ресми сайтында орналастырылсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы»
МКҚК меңгерушісі:



Курманова Ж.А.



№	Іс-шара атауы	Уақыты	Жауапты
1	Педагогикалық әдеп кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту, әдеп кеңесінің мүшелерімен отырыс өткізу. Педагогикалық этика сақтау мәселесі бойынша балабақшаға қабылданған жас мамандармен жұмыс. «Ұстаздың кәсіби іс - әрекетіндегі педагогикалық әдеп» (Баяндама)	Қыркүйек	Р.Ж.Искакова Әдеп кеңесінің мүшелері
2	Педагогикалық этика ережелері бойынша педагогикалық ұжымның әдепсіздік қылықтары жөнінде дөңгелек үстел өткізу. «Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттарының маңызы» баяндама	Қараша	Р.Ж.Искакова Әдеп кеңесінің мүшелері
3	Педагогикалық әдеп кеңестің құрамына өзгеріс енгізу. «Педагог мәртебесі туралы» Заңды, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 «Педагогикалық әдеп бойынша Кеңес жұмысын ұйымдастыру»	Наурыз	Р.Ж.Искакова Әдеп кеңесінің мүшелері
4	«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын іске асыру бойынша бақылауды жүзеге асыру.	Мамыр	Р.Ж.Искакова Әдеп кеңесінің мүшелері

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы.

Хаттама №1

Күні: 20.09.2022ж

Қатысқаны: 36 педагог.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту, әдеп кеңесінің құрамына өзгеріс енгізу.

2. Педагогикалық этика сақтау мәселесі бойынша балабақшаға қабылданған жас мамандармен жұмыс. «Ұстаздың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» баяндама.

Бірінші мәселе бойынша сөз әдеп кеңесінің төрайымы Р.Ж.Искаковаға берілді.

Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары таныстырылып бекітілді.

Жоспар бойынша:

- Бірінші отырыс қыркүйек айында Педагогикалық әдеп кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту, әдеп кеңесінің мүшелерімен отырыс өткізу. Педагогикалық этика сақтау мәселесі бойынша балабақшаға қабылданған жас мамандармен жұмыс. «Ұстаздың кәсіби іс - әрекетіндегі педагогикалық әдеп» (Баяндама)

- Екінші отырыс қараша айында «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын іске асыру бойынша бақылауды жүзеге асыру.

- Үшінші отырыс наурыз айында «Педагог мәртебесі туралы» Заңды, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 «Педагогикалық әдеп бойынша Кеңес жұмысын ұйымдастыру»

- Төртінші отырыс мамыр айында «Педагогикалық этика ережелері бойынша педагогикалық ұжымның әдепсіздік қылықтары жөнінде дөңгелек үстел өткізу. «Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттарының маңызы» баяндама

Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына өзгеріс енгізілуіне байланысты кеңес мүшелеріне төмендегі педагогтер кіреді:

1. Р.Ж.Искакова-әдеп кеңесінің төрағасы. (тәрбиеші)
2. Қ.Ш.Сәрсенова-тәрбиеші.
3. А. М. Абилгазина-тәрбиеші.
4. С.А.Имангазина-тәрбиеші.
5. Г.Қарашаева-тәрбиеші.
6. Ж.Н.Қазтөре-психолог.
7. Н.Ж.Боранбаева-тәрбиеші.
8. А.Т.Аябергенова-тәрбиеші. (хатшы)

Екінші мәселе бойынша Қ.Ш.Сәрсенова сөз кезегін алды.

«Ұстаздың кәсіби іс - әрекетіндегі педагогикалық әдеп» Педагогикалық этика сақтау мәселесі бойынша балабақшаға қабылданған жас мамандармен жұмыс жөнінде баяндама оқылды.

Баяндамада, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы 2007 жылы 27 шілде №319

51 - бап. Педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі,

- Педагогикалық әдептіліктің көрсеткіштері;
- Педагогтың өзінің алдына қойған жоғарғы талаптардың көрсеткіштері;
- Педагогикалық әдеп;
- Педагогикалық әдептің ерекшеліктері;
- Педагогикалық шеберліктің негізгі белгілері;
- Педагогтың бойында болмау керек қасиеттер;
- Педагог пен балалардың жеке әлеуметтік - психологиялық өзара қарым - қатынасындағы педагогикалық әдептің алатын орны қатынас жасау, тілдесу өнері;
- Мұғалім келесі қағидаларды басшылыққа алуы тиісті жағдаяттар туралы айтылды

Кенестің шешімі:

1.Кенестің ұйымдастырылған жұмыс жоспары «қанағаттанарлық» деп бағаланып, уақытылы өткізілсін.

2.Жас мамандарға берілген ақпаратты ескере отырып, әрі қарай жұмысы жалғасын тапсын.

Кенес төрайымы:  Р.Ж.Искакова

Хатшы:  А.Т.Аябергенова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы.

Хаттама №2

Күні: 18.11.2022ж

Қатысқаны: 36 педагог.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика ережелері бойынша педагогикалық ұжымның әдепсіздік қылықтары жөнінде дөңгелек үстел өткізілді.
2. «Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттарының маңызы» баяндама

Бірінші сұрақ бойынша кеңес төрайымы Р.Ж.Искакова сөз алды.

Адамның қандай да болмасын жасаған іс-әрекеті ылғи нәтижелі аяқтала бермесі анық. Ол ісін жақсы ойлап, жаман тәмамдауы да мүмкін. Не болмаса байқамай қателік жіберіп алып, ісін жаманшылықпен бітіруі де ғажап емес. Олай болса, ең әуелі адамның ниеті маңызды. Ниеті түзу адам қиындыққа еш мойымайды. Ниеті дұрыс болғандықтан, бұдан кейінгі істерін де түзу көңілмен жалғастырады.

Ендеше, "Мен не іс істесем жаманшылық шығады", - деп, жаманшылыққа үйір болмау керек. Керісінше, оған қарсы тұру қажет. Яғни жаманшылықты әдетке айналдырмау — басты міндет.

Сөз кезегін №9 ересек тобының тәрбиешісі К.Г.Климовна алды.

Адам өсек айту, біреуді сыртынан жамандау, балағаттау, жек көру, көре алмау, қызғану немесе біреуге жала жабу, кек сақтау, жалған сөйлеу, өтірік айту не болмаса екіжүзділік таныту, менменсу, өзімшіл болу және сол сияқты қылықтар арқылы өзін әдепсіздікке бейімдеп алады. Жазықсыз адамның сыртынан жалалы сөз тарату, біреудің иненің жасуындай да артықшылығын көре алмау, елдің бәрін өзінің бақталасы деп білу — бұлар еңжаман пасық әдеттер.

Келесі сөз кезегін қазақ тілі маманы: С.Ж.Орынбасарова алды.

Кісі өзінің өсекке таңылып, жамандалуын қаламайды, өзін біреудің қызғанғанын, көре алмағанын ұнатпайды. Сондықтан бұл айтылған барлық жаман қылықтарды ешбір адам өз бойына дарытпағаны дұрыс. Өйткені, "Өзің үшін тілемегеніңді өзгеге де тілеме" қағидасы бойынша әрбір адам өз басына да, басқаға да еш қиянат жасамауы керек.

Сөз кезегін Р.Ж.Искакова алды.

Мұндай келеңсіз жайттарға тап болмас үшін осындай кеселді қылықтардан аулақ болып, Қоғамда абыройлы, беделді, қадірлі және сыйлы болу үшін, мейірімді, иманды, әдепті болуымыз қажет екен.

Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі Н.Боранбаева сөз алды.

Баяндамада, педагогикалық әдеп кеңесін құру қағидаттарына тоқталып кетті. Педагогке тиісті заңдарды білумен қатар, қарапайым адамгершілік яғни, кәсіпке, қоғамға деген қарым-қатынас, тәртіпті болу, өзіне және балаларға қаталдықпен қарау, эмоцияналдық байсалдылық, әдептілік, ұжымдағы әріптестермен жақсы қарым-қатынас орнату, әділ болу, балалардың бәрінің бірдей екендігін мойындау, өз мінез-құлықтарына баға беру, өзін-өзі сынау, өзін-өзі үзбей жетілдіріп тұру деген сияқты


қағидаттарды, «педагог» ұғымының дәрежесін түсірмей, биікке көтеру үшін осы бағытта жұмыс жасағанымыз жөн. Белгілі педагог К.Д. Ушинский «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше, педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпейді» деген нақыл сөзі осы ойымыздың дәлелі іспеттес. Қазіргі кезде педагогикалық әдеп әр адамның бойынан көрінуге тиіс нәрсе. Кез-келген ортада, жұмыста болсын адамдармен, балалармен, ата-анамен қарым-қатынас жасау кезінде әдеп қағидаттарын ұстану керек.

Keңестің шешімі:

1. Педагогикалық этика ережелері бойынша педагогикалық ұжымда әдепсіздік қылықтарды болдырмау.
2. Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттары сақталсын

Keңес төрайымы:

Хатшы:



Р.Ж.Искакова

А.Т.Аябергенова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
Мұғалжар ауданы
«Ақтөбе облысының
білім басқармасы
Мұғалжар ауданының білім бөлімі»
ММ-нің
«Күншуақ» бөбекжай - бақшасы» МКҚК



Республика Казахстан
ГККП «Ясли - сад «Күншуақ»
Государственного учреждения
«Отдел образования Мугалжарского
района Управления образования
Актюбинской
области»

Қандыағаш қ, «Жастық» м/а
құрылыс №52
Тел: 3-14-47

г.Кандыағаш микрорайон
«Молодежный» строение №52
тел: 3-14-47

«Күншуақ» бөбекжай - бақшасы» МКҚК бойынша

Бұйрық №30

Қандыағаш қаласы

20.03.2023 жыл

(көшірме)

«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту туралы»

«Білім туралы» 27.07.2007ж. ҚР Заңының 5 – бабының 34- 1 тармақшасына, «Педагог мәртебесі туралы» 27.12.2019ж. ҚР Заңының 5 – бабының 3 – тармағына және 16 – бабының 1 – тармағына «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 11.05.2020 жылғы № 190 бұйрығына сәйкес

Бұйырамын:

1. «Күншуақ» бөбекжай – бақшасы МКҚК – да педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын.
2. Педагогикалық әдеп кеңес құрамы төмендегі тізім бойынша бекітілсін:
 - 1) Төраға – тәрбиеші Р.Ж.Искакова
 - 2) Хатшы – тәрбиеші А.Т.Аябергенова
 - 3) Мүшесі - Аудандық білім бөлімінің әдіскері- Ж.Ж.Айтбаева
 - 4) Аналар комитетінің төрайымы: Ж.М.Асабаева
 - 5) Мүшесі – зейнеткер ұстаз Г.З.Убайдуллина
 - 6) Мүшесі – зейнеткер ұстаз И.В.Григуль
 - 7) Мүшесі – зейнеткер ұстаз К.Л.Набиева
 - 8) Мүшесі – бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы З.Ж.Сүлейменова
3. Педагогикалық әдеп ережелері, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметі туралы ақпарат «Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК ресми сайтында орналастырылсын және кеңес жұмысы ережеге сәйкес ұйымдастырылсын.
4. Жұмысты ұйымдастыру және уақытылы жүргізу Р.Ж.Искаковаға жүктелсін.

«Күншуақ» бөбекжай - бақшасы»
МКҚК меңгерушісі:



Курманова Ж.А.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы.

Хаттама №3

Күні: 24.03.2023ж

Қатысқаны: 36 педагог.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына өзгеріс енгізу.

2. «Педагог мәртебесі туралы» Заңды, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190

3. «Педагогикалық әдеп бойынша Кеңес жұмысын ұйымдастыру»

1. Бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Р.Ж.Искакова сөз алды.

«Білім туралы» 27.07.2007ж ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасына, «Педагог мәртебесі туралы» 27.12.2019ж ҚР Заңының 5-бабының 3-тармағына және 16-бабына 1-тармағына «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 11.05.2020жылғы №190 бұйрығына сәйкес «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК –да педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері қайта сайлансын.

Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы төмендегі тізім бойынша бекітілсін.

1) Төрайымы-тәрбиеші Р.Ж.Искакова

2) Мүшесі- Аудандық білім бөлімінің әдіскері –Ж.Ж.Айтбаева

3) Аналар комитетінің төрайымы. Ж.М.Асабаева

4) Мүшесі-зейнеткер ұстаз Г.З.Убайдуллина

5) Мүшесі-Зейнеткер ұстаз И.В.Григуль

6) Мүшесі-зейнеткер ұстаз К.Л.Набиева

7) Мүшесі- бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы З.Ж.Сүлейменова

8) Хатшы-тәрбиеші А.Т.Аябергенова

Педагогикалық әдеп бойынша Кеңес жұмысын ұйымдастыру

(ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» № 190 бұйрығымен таныстырып өтті.

- Педагогикалық әдеп кеңесі; (Бұйрықтың 1 тарауының 1 тармағы);

- Кеңестің негізгі міндеттері; (2 тарау, 3 тармақ)

- Кеңестің құзыреті; (2 тарау, 4 тармақ)

- Кеңес құрамын сайлау және шығу; (Бұйрықтың 3 тарауының 12 тармағы);

- Кеңес құрамы мен мүшелерінің функциясы (3 тарау, 14-тармақ):

- Хатшының функциясы (3 тарау, 13-тармақ) жөнінде ашып түсіндіріп өтті.

Екінші мәселе бойынша әдеп кеңесінің мүшесі: С.Имангазина сөз кезегін алды.

Педагогикалық әдеп бойынша Кеңес жұмысын ұйымдастыру»

тақырыбында баяндамасында, «Әдеп», «Әдептілік» -сөздерінің мағынасын ұлы ғалымдардың нақыл сөздеріне сүйене отырып мағынасын ашып, терең түсінік беріп өтті.

Қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына қойылатын этникалық талап, ол бірнеше жылдардың, қоршаған ортаның, үйдегі жақсы тәрбие жемісі

Жақсы жасап болу міндет емес,

Жақсы адам болу борыш.

Әбу Насыр Әль-Фараби былай деген екен.«Әдептілік - әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы, қазынасы.»

Жақсы әдет, жақсылық жасау бұл қай жерде болмасын - өнеге, өсиет.

Адамның басшысы - ақыл, жетекшісі - талап, қорғаны - сабыр, жолдасы - кәсіп, қорғайтын қорғаушысы - мінез, бәрін тәртіпке реттейтін-әдептілік.

Біздің халқымыз әркезде де, нақыл сөзді «қазынам», өнегені «өрісім» деп таныған. Өйткені мағынасы, мәні бәрі өмірден алынған.


Әдеп пен әдептілікті әрдайым сақтап жүрейік, -деп аяқтады.

Кеңестің шешімі:

- 1.Педагогикалық әдеп бойынша Кеңес жұмысын ұйымдастыру жұмыстары жандандырылсын;
2. Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттары сақталсын.

Кеңес төрайымы:  Р.Ж.Искакова

Хатшы:

 А.Т.Аябергенова.